

пайдалана отырып: интерактивті тақта, электронды оқулықтар, бейне материалдар, аудио материалдар, компьютерлер және т.с. таныстырулар жатады. Инновациялық оқытудың бүгінгі таңдағы тағы бір әдісі – электрондық оқулық пайдалану. Білім беру жүйесінде электронды оқулықтарды пайдаланып, үлкен табыстарға жетуге болады. Электронды оқулықтарды пайдалану барысында оқушы екі жақты білім алады: біріншісі – пәндік білім, екіншісі – компьютерлік білім. Сабақ барысында электронды оқулықтарды пайдалану оқушының өз бетінше шығармашылық жұмыс жасауына, теориялық білімін практикамен ұштастыруына мүмкіндік береді. Электронды оқулықта оқу технологиялары жинақталған. Мысалы: ойын арқылы оқыту, блокты оқыту, тірек – сигналдар арқылы оқыту, т.с.с. Электронды оқулық арқылы оқушы көптеген қосымша материал ала алады, осы алған мәліметтерін компьютерден көргендіктен есінде жақсы сақтайды, өз бетінше жұмыс жасау қабілеті қалыптасады. Осылайша жас ұрпақты оқытуда инновацияны пайдалану – шығармашылық жетістіктің негізгі көзі.

Электрондық оқулықтар мен компьютерлік оқу –әдістемелік құралдарды өз дәрежесінде қолдануды үйренген оқушылар өзі белсенді жеке жұмыс істей алады. Оқытушының жұмысын жеңілдетіп, оқушыны жалқаулықтан құтқарады. Электрондық оқулық пән оқытушылары үшін бұл күнделікті дамытылып отыратын ашық түрдегі әдістемелік жүйе. Оны сабақта қолдану оқытушының шығармашылықпен жұмыс жасауына, белсенділігін арттыруына мол мүмкіндік береді. Жаңа ақпараттық технологияның басты тиімділігі – бұл мұғалімге оқу үрдісін түбегейлі өзгертуге, оқытудағы пәнаралық байланысты күшейте отырып, оқушылардың дүниетанымдарын кеңейтуге және қабілеттерін көре біліп, оны дамытуға толық жағдай жасауы. Қазіргі заманның даму қарқыны мұғалімдерден шығармашылығын жаңаша, ғылыми –зерттеу бағытында құруды талап етеді[2].

Қолданылған әдебиеттер:

1. www.bilimdiler.kz
2. www.ucoz.kz

Оқытудағы әдістемелік нұсқау

Автор: Бекетов Мағжан Қадыржанұлы

Ғылыми жетекшісі: Искакова С. Б. информатика және КТ кафедрасының аға оқытушысы

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты

Әдістеме – педагогика ғылымының жеке пәндерден берілетін білім көлемі мен мазмұнын негіздеп, оны оқытудың тиімді әдістерін зерттейтін бір саласы.

XX ғасыр басындағы көрнекті әдіскер К.А.Иванов әдістеменің маңызды міндеттері деп сол ғылымды оқу пәні ретінде жақсы жолға қоюға алып баратын оқытудың айқындау, бағалау, бейнелеу тәсілдерін атайды.

Осылайша әдістеме пәні – педагогикалық процесс, мұғалімнің оқытуы, оқушының оқуы. Ал әдістеменің нысанасы, әдістемелік нұсқаулары – оқытудың әдістері, мазмұны, ұйымдастырылуы және түрлері. оқытуда қолданылатын әдістемелік нұсқаулар – өзара байланыста және үнемі қозғалыста болатын құрауыштардың басын біріктіретін өте күрделі құралдар. Ол оқыту мақсаты – оның мазмұны – білім беру және оны игеруге басшылық жасау – оқушылардың оқу әрекеті – оқыту нәтежиесі деген тізбекті құрайды. Оқыту процесіндегі қозғалыс оның ішкі қайшылықтарын жою барысында іске асады. Ол қайшылықтар жоспарластырылған және қолданылған оқыту құралдары мен әдістерінің арасында пайда болады. Әдістемелік құралдар, нұсқаулар оқыту үдерсінің практикалық біліктілігі мен білімділігі сияқты әдістемені оқып –үйрену барысында үнемі даму үстінде болады. Информатиканы оқыту әдістемесі қоғам алдында тұрған жас ұрпақты тәрбиелеудің кешенді міндеттерін іске асыруға қызмет жасайды.

Информатиканы оқыту әдістемесі пәнінің міндеттері мен негізгі әдістемелік нұсқаулары информатиканы оқытудың негізгі факторлары мына сұрақтардың жауаптарына байланысты:

- мемлекет пен қоғам белгілеген мақсаттар;
- стандарт пен бағдарламаларда бекітіліп, солардың негізінде оқулықтарда берілген информатика білімнің мазмұны мен құрылымы;
- оқыту үдерсінің ғылыми –әдістемелік ұйымдастырылуы (оқыту мен оқудың түрлері, әдістері мен әдістемелік тәсілдері, құралдары);
- оқушылардың танымдық мүмкіндіктері;
- оқыту нәтежиелері мен айқындалады.

Сондай ақ, информатиканы оқытудың мақсаттары мен әдістемесі және әдістемелік нұсқаулары, құралдары мемлекет дамуының әр түрлі кезеңдерінде өзгеріп отырады.

Аса көрнекті әдіскер –ғалым М.А.Рыбникова «Әдістеме дегеніміз – уақытты үнемдей білу. Оқушы үшін жігерін ақылмен жұмсау, оқу материалынан негізгі және басты мәселелерді таба білу, деген. Қандай пән бойынша болмасын барлық әдістеме оқыту жұмысының ұсынымдарын, материалдарын және әдістерін, әдістемелік нұсқауларын құрастырумен өзара ұқсас болып келеді, және не үшін, нені және қалай деген үш негізгі сұрақтарға жауап береді.

Қазіргі зерттеулер бойынша мектепте информатика ғылымының оқытылуы дүниежүзілік педагогикалық практикада бұрын соңды болмаған құбылыс деуге болады. Әдетте ғылыми пәннің мектепке енуінен бастап, оның жалпы білім берудегі маңызын толық түсінуіне дейін кем дегенде бірнеше онжылдықтар өтеді – бұл уақыт ішінде ғылыми аппараты тұрақтанып, пәннің методологиясы мен жалпы әдістемелік тәсілдері қалыптасады. Ал информатиканың ғылым есебінде енуі өте жылдам іске асып жатқаны белгілі. Қазіргі өскелең өмір бұл ғылымның қоғамға жылдам енуімен қатар ол ғылымның берілетін білім сапасын жетілдіруді талап етеді.

Информатика ғылымы жөнінде қалыптасқан әртүрлі көзқарастар бар. осы информатиканы саласында компьютер архитектурасы бойынша білім,

біліктерді қалыптастыру үшін әдістемелік нұсқаудың мазмұнын қарастырайық.

Компьютер архитектурасы курсының мазмұны “ақпарат –алгоритм – компьютер” деген үш іргелі ұғымға негізделеді. Ол бір жағынан пәннің информатика ғылымымен байланысын қамтамасыз етсе, екінші жағынан теориялық дайындық деңгейін менгеру үшін беріледі.

Аталмыш пән бойынша әдістемелік нұсқаулары теориялық және тәжірибелік сабақтарға беріле отырып, теоретикалық ой тұжырымдауының қалыптастырылуына, пәннің мәні мен мазмұнын түсіне отырып қорытындылай алуына үйретеді.

Компьютердің шығу тарихы, жасау принциптері, теориялық принциптері, архитектура негіздері жайында, дербес компьютердің жұмыс жасау принциптерімен, олардың мәні мен маңызын түсінуін қалыптастыру әдістемелік нұсқауда теориялық білімді меңгеруге бағытталады (кесте 1).

№ р/р	Тақырып атауы
1.	Сандық машиналардың арифметикалық және логикалық негіздері.
2.	Дербес компьютерлердің жұмыс істеу принципі және архитектурасы.
3.	MS –DOS операциондық жүйесінің архитектурасы.
4.	Арнайы және электронды электронды есептеуіш машиналар.
5.	Дербес компьютердің жады құрылымы
6.	Микропроцессорлар шығу тарихы, қолданылуы
7.	Бағдарламалық жабдықтау құрылымы.
8.	Есте сақтаушы құрылғылар.
9.	Дербес компьютердің перифериялық құралдары.
10.	Дисктермен жұмыс істеу негіздері
11.	Электронды есептеуіш машиналардың интерфейстік жүйелер.
12.	Ақпаратты бейнелеу құралдары және бейнежүйе.
13.	Дербес компьютердің енгізу құрылғысы.

Компьютер архитектурасы курсына арналған әдістемелік нұсқауда электронды есептеуіш машинаның негізгі сұлбалы техникалық элементтері, сонымен қатар есте сақтаушы, басқарушы, арифметика –логикалық құрылғылардың жұмысын ұйымдастыру және жұмыс істеу принциптері қарастырылады.

Компьютерге дұрыс күтім жасау және оның құрылғылары жайында толық қауіпсіздік техникасымен толық таныстырады.

Компьютерді пайдаланушы өз бетімен компьютерді жинау, жөндеу және оның құралдарын жинауды үйренуге ықпал етеді.

№	Тақырып атауы
1.	Дербес компьютердің архитектурасының түсінігі
2.	Нейман принципі бойынша құрылған ЭЕМ құрылым (сызба

	түрінде)
3.	Ақпараттардың ЭЕМда берілуі.
4.	Сервистік бағдарламалар қоры
5.	Оперативтік жадты ауыстыру технологиясы иілгіш дискті ауыстыру технологиясы
6.	Микропроцессорды ауыстыру
7.	SIMM қосымша модулін орнату
8.	MS –DOS операциондық жүйесінде
9.	Дербес компьютердің перифериялық құралдары.
10.	Мониторлардан сақтанушы фильтрлар және оларды таңдау
11.	Қатты дискті ауыстыру және қосымша қатты дискті орнату
12.	сканер құрылғысының орнықтыру механизмі
13.	Ізденуші сервердің жұмысы
14.	Қолданбалы бағдарламалық интерфейстер

Әдістемелік нұсқауда: Есептеуіш машинаның жіктелуін және әр түрлі ЭЕМ кластарының негізгі ерекшеліктерін (қасиеттерін); Дербес компьютер архитектурасын және әр түрлі құрылу принциптерін, жұмысын; Архитектурасын және микропроцессорлық жинақ мүмкіндіктерін; Құрылу принципі және дербес компьютер жұмысы; Дербес компьютерді тексерудің қондырғылық бағдарламалық құралдарын білуге бағытталады.

Сайтты жобалау және жасау технологиясы (Н. Наушабаев атындағы мектептің сайты жасау)

Автор: Абишев А. Э.

Научный руководитель: Искакова С. Б. аға оқытушы

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты

XXI ғасыр – ақпараттық кеңістік пен ақпараттық үрдіс ғасыры. XXI ғасырды қазіргі таңда интернетсіз елестету мүмкін емес. Осы ғасырдың жаңалығы, ашылуы, байлығы да осы интернет. Жер шарының әр бұрышында кездесетін бұл, адамның қиялы мен білімінің шексіз екендігін көрсететін ғажап, қазіргі таңда барлығымызды бір тұтастай байланыстырып отыр. Алайда, интернетке жеке дара ешкім де қожалық жасай әлмайды. Сондықтан ол шын мәнінде адамзаттың әлемдік қазынасы болып табылады.

Интернет өз кезегінде WWW–ге (бүкіләлемдік шырмауық) қарыздар деуге болады. Бүкіләлемдік шырмауықсыз интернет бүгінгі күндегідей жағдайына, яғни жер шарын түгелдей жаулап алмас еді.

Интернет күнделікті тұрмыс пен жұмыстың айнымас құралына айналып келеді. Интернеттің ауқымды компьютерлік желісі өте тез дамып келеді. Желіге арналған баспалар саны өсіп келеді.

Интернет желісінде сайттардың артуымен байланысты, қазіргі таңда 60 %-дай адамдар барлық жұмыстарын осы интернет желісі арқылы жасайды. Қазіргі уақытта кез келген бір фирманың, компанияның, не